



beisenbi, 16 мамыр 2024 jyl



Ерлігі мәңгі есте

## СҰРАПЫЛ СОҒЫС ҚАЙТАЛАНБАСА ЕКЕН

Жақында, ел болып Жеңіс күнін атап өттік. Арамыздағы ардагерлерімізге құрмет көрсетіп, көз жұмған ардагерлер мен майданданнан оралмаған ата-әкелерімізге құран бағыштап жаттық. Сұм соғыс қазақтың әрбір шаңырағына қасірет әкелді. Бүгінгі күні сол сұм соғыстан оралмаған ата-бабаларын іздеп, ақпарат сұратып жатқандар саны жетіп артылады. Менің де, қолыма қалам алуымның себебі осы ауыр тақырып еді...

Әкемнің үш ағасы Сембек (1907), Жексебек (1912) және Сәрсебек (1917) Ұлы Отан соғысына қатысып, майдан дала-сынан оралмады. Үшеуі де хабар-ошарсыз кеткендер қатарында болды. Осы мақала Жексебек атамыздың тағдыры жайында болмақ.

Мықышев Жексебек, 1912 жылы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі Нұра болысының 5 ауылында дүниеге келген. Мектепке бармаса да, өз бетімен оқып, хат таныған адам болған. Аудандық архивтен Жексебек атамыздың 1939 жылы ашылған жеке ісі табылды. Онда Мықышев Жексебекті Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партия-



сының мүшелігіне қабылдау туралы қаулы шығарылған.

Партияға өту үшін толтырылған анкетада еңбек жолын 10 жасында жалшылықтан бастап, соғысқа кетерде мәдениет үйінің меңгерушісі қызметін атқарғаны көрсетілген. 1922-1939 жылдар аралығында Қарқаралы қаласының округтік ет одағында малшы, Қарағанды қаласындағы 18-ші шахтада вагоншы, Шет ауданы Қызылтау совхозының 2-ші, 3-ші фермаларында бригадир және меңгеруші, Шет ауданы Алға-

бас колхозының 5-ші ауылында басқарушы болып істеген.

1940 жылғы наурызда қарулы күштер қатарына шақырылып, 32-ші гвардиялық атқыштар полкінің 12-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында Отан алдындағы борышын атқарып, жаумен соғысады. Соғыста минометші болған екен. Ол туралы Шет ауданы, Үңірек ауылының тұрғыны болған, соғыс ардагері Мұқашев Ақжан ақсақалдың естелігінен білдім. Ардагер ақсақал өз естелігінде: «Солдаттардың орман ішінде бір мезгіл тынығуы кезінде, өтіп бара жатсам «Иығымдағы миномет, ауырлығы керемет, дос едік қой Ақжан, сұхарын болса бере кет» деген дауыс шықты, бұрылып қарасам жерлесім Мықышев Жексебек екен» деп айтқан.

Жексебек атамыздың білекті де білімді, дарынды жан болғанын мақтан етсек, сұм соғыста хабарсыз кеткендігіне нәліп, мұңаймыз. Қаншама боздақтың жанын қиған сұрапыл соғыс ешқашанда қайталанбаса екен.

Естелік жазған баласы  
Көмек КӘРІБЕКҰЛЫ.

### Қоғамдық тыңдау

#### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Real Trans 2020» ЖШС-ті ҚР Экологиялық кодексінің 96 б. сәйкес 24.06.2024 ж. сағ. 11.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті, өкім аппаратының мәжіліс залында әсер етуге арналған рұқсат алуға өтінім беру материалдары бойынша (ЖБШН, ЖБТН, ӨЭБ, ҚББ, ТҚШ), сондай-ақ, «Темір жол жылжымалы құрамына техникалық қызмет көрсету цехын кеңейту» жобаға «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіні туралы хабарлайды.

Жобаларды әзірлеуші: «Greenesta» ЖШС-ті, ҚР, Алматы қ-сы, Жібек жолы д-лы, 50, Квартал БО, 414 офисі, БСН 190140016353, моб. тел: 87075200881. e-mail: info@greenesta.kz. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Real Trans 2020» ЖШС-і, ҚР, Қарағанды қ-сы, Гапеев к-сі, 1, 103 п. БИН 201240026916, e-mail: realtrans2020@mail.ru. Моб. +7 771 180 9483

БСН 201240026916, e-mail: realtrans2020@mail.ru. Моб. +7 771 180 9483

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz> және ЖАО «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасы» ММ сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысып өтуге болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>. Мекен-жайы: Қарағанды қ-сы, Лобода к-сі, 20. E-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru

Жобаланатын объектілердің орналасуының географиялық координаттары: 48°16'33.5"с.е., 72°50'41.6" ш.б. Әсер ету аймағының географиялық координаттары 48°16'24.0" с.е., 72°50'38.3"ш.б.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, өлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдай енгізілгенде, қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Сілтеме <https://us05web.zoom.us/j/87124221069?pwd=ITIP2dGewjWdvMwUhc9BptDP M2YuL11>

Конференция идентификаторы: 871 2422 1069 кіру коды: D194XV

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда және expertiza.upr\_krg@mail.ru e-mail бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілу күніне дейін 3 жұмыс күнге дейінгі мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты келесі мекен-жайда алуға болады: ҚР, Алматы қ-сы, Жібек жолы д-лы, 50, Квартал БО, 414 офисі. ЖШС «Greenesta», моб.тел: 87075200881, e-mail: info@greenestakz.

#### ОБЪЯВЛЕНИЕ

realtrans2020@mail.ru. Моб. +7 771 180 9483

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в разделе «Общественные слушания» <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>.

Адрес: г.Караганда, ул.Лободы, 20, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru

Географические координаты проектируемого объекта: 48°16'33.5" с.ш., 72°50'41.6" в.д. Географические координаты территории воздействия 48°16'24.0" с.ш., 72°50'38.3" в.д.

В случае введения чрезвычайного положения и/или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, обществен-

ное слушание проводится в онлайн-режиме. Ссылка: <https://us05web.zoom.us/j/87124221069?pwd=ITIP2dGewjWdvMwUhc9BptDP M2YuL11>

Идентификатор конференции: 871 2422 1069 Код доступа: D194XV

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Алматы, пр. Жибек Жолы 50, БЦ Квартал, офис 414. ТОО «Greenesta», моб.тел: 87075200881, e-mail: info@greenestakz.

### Құттықтаймыз!

Құрметті **БОРАНБАЕВ Қайрат Ибрагимұлы!**

Сізді 63 жасқа келген туған күнінізбен және зейнет жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Бастысы сізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақыт тілейміз. Өзіңіздің бойыңыздағы туа біткен адамгершілік қасиетіңіз, көп жылдар өнер, білім ордасында еңбек етіп, келешек ұрпақ тәрбиесіне үлес қосқан ардақты жан ретінде мақтан тұтамыз. Сізге осындай мерейлі күні ізгі тілегімізді арнай отырып, ғұмырыңыздың әрбір сәті қуанышқа толып, балаларыңыз мен немерелеріңіздің қызығына бөленіп, Гүлжанат апайымызбен шаттыққа толы ғұмыр кешіп, әр басқан қадам белестеріңіз бақытпен, шаттықпен өрілсін.



Өнерлісіз тамсанып ән салатын,  
Даусыңызға жұртыңыз бар тамсанатын.  
Сегіз қырлы, бір сырлы азаматсыз,  
Сонымен қадірлейді барша халқын.

Отбасының қамқоры, ізгі жансыз,  
Құтты болсын, зейнет асқан қадамыңыз.  
Дүркіндеп тойдан тойға жүз жаста да,  
Бүлкілдеп қайнап жатсын қазаныңыз.

Ізгі тілекпен: енеңіз - **Әмина**, балдыздарыңыз, бажаларыңыз, келіндеріңіз: **Мейірхан-Меңсұлу, Бауыржан-Жанар, Аманкелді - Салтанат, Бағдат, Азамат-Ләззат, Тілепберген-Айжанат.**

### Қоғамдық тыңдау

#### ХАБАРЛАНДЫРУ

“Алайғыр” БК “ЖШС”Қарағанды облысындағы Алайғыр кен орындарындағы қызмет салдарын жою жоспары” жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды Жоспарланған қызметтің бастамашысы: “Алайғыр” БК ЖШС. Жобаны әзірлеуші - “EcoLogicLab” ЖШС, телефон: 8700-318-79-45. Жария талқылауды өткізу мерзімі 27.05.2024 ж. бастап он жұмыс күні ішінде. Жоба бойынша орналастырылған құжаттама, ұсыныстар мен ескертулер сайтта қабылданады <https://ecoportal.kz/>

#### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП «Алайғыр» уведомляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений по проекту: «План ликвидации последствий деятельности на месторождения Алайғыр в Карагандинской области».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «Алайғыр». Разработчик проекта-ТОО «EcoLogicLab», телефон: 8700-318-79-45.

Сроки проведения публичных обсуждений с 27.05.2024 г. в течение десяти рабочих дней.

Размещённая документация по проекту, предложения и замечания принимаются на сайте <https://ecoportal.kz/>

### БАННЕР БАСЫП ШЫҒАРУҒА ТАПСЫРЫСТАР ҚАБЫЛДАЙМЫЗ!



Шет аудандық “Шет шұғыласы” газетінің редакциясында әр түрлі көлемде әдемі дизайнмен дүкендерге, басқа да сауда орындарына, тойға, көшелерге баннер басып шығаруға тапсырыстар қабылдаймыз. Бізде тәжірибесі бар маман

жұмыс жасайды.

**Тапсырыс берем деушілер болса редакцияның 8 (71031) 21142 телефонына немесе бас есепші Айгүлдің 8 705 9787875, баспагер Мейрамбектің 8 707 991 6398 ұялы телефонына хабарласуға болады.**



Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті  
Газеттің құрылтайшысы және меншік иесі **М.Д.САДУАҚАСОВ**

Директор-редактор  
**Мейрам Дәулетбекұлы**

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы**, жауапты хатшы тел. 50-9-03  
**Қалижан Бекқожин**, Ақадыр өңірі бойынша тілші тел: 87713139973, 87786148293  
**Бухгалтерия** тел. 79-0-81

**Редакция мекен-жайы:** Аксу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1350 дана. Газеттің басылу сапасына “Арқо” баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакцияда теріліп, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.

**Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы “АРКО” баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.